

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Тарих факультеті
Археология, этнология және музеология кафедрасы

**«Қазақ халқының этногенезі және этникалық тарихы» пәні бойынша қорытынды
емтихан бағдарламасы және әдістемелік ұсыныстары**

«6B02211 Этнология және антропология» білім беру бағдарламасы

Алматы 2024 жыл

Құрастырушы:

Қалыш АБ. т.ғ.д., Археология, этнология және
музеология кафедрасының профессоры

(дайындалған - А.Ж.Т., лауазымы, дәрежесі және
атағы)

«Қазақ халқының этногенезі және этникалық тарихы» пәні бойынша қорытынды емтихан
жүргізу бағдарламасы және әдістемелік ұсыныстары кафедра мәжілісінде қаралып,
ұсынылды

«___» _____ 2024 ж., хаттама

Кіріспе

Студенттер «Қазақ халқының этногенезі және этникалық тарихы» пәні бойынша емтиханды жазбаша-офлайн форматта тапсырады.

Бағдарлама «Универ» жүйесіне жүктелді.

I. Қорытынды емтихан бағдарламасын өткізу тәртібі:

1. Емтихан жазбаша түрінде өткізіледі.
2. Емтиханның өтуін қадағалу бақылау камералар, оқытушылардың кезекшілігі арқылы жүзеге асады.
3. Емтихан сұрақтары «Универ» жүйесіне үш блокқа бөлу арқылы енгізіледі.

II. Қорытынды емтихан бағдарламасының регламенті:

1. Емтихан кесте бойынша өткізіледі.
2. Емтихан тапсыру ережесіне сай, студент емтиханға 30 минут қалғанда аудиторияда болуы керек.
3. Емтихан қабылдау ұзақтығы 2 сағат.

III. Қорытынды емтихан бағдарламасының ережелері:

1. Емтихан барысында студент ұялы телефон, оқулықтар, дәптер, құлаққап және т.б. бөгде заттарды ұстауға, өзімен бірге алып кіруге тыйым салынады. Сонымен қатар басқа студенттермен сөйлесуге, артық қимыл жасауға, артына қарауға болмайды. Емтихан барысын бейне бақылау арқылы мониторинг тобы бақылап отырады. Аталған ережелерді бұзу фактісі анықталса, студент емтиханнан шығарылады.

IV. Қорытынды емтихан бағдарламасының нәтижелері:

1. Студенттердің жазбаша жұмыстарын пән оқытушысы тексеріп, баллдарды «Универ» жүйесіне енгізеді.
2. Оқытушы барлық студенттердің баллдарын мұқият тексеріп, емтихан тізімдемесін «Универ» жүйесінде сақтайды.
3. «Универ» жүйесіндегі қорытынды тізімдемеге студенттердің баллдары 48 сағаттың ішінде қойылуы тиіс.
4. Емтихан нәтижелері бақылау камералардың нәтижелері негізінде қайта қаралуы мүмкін.
5. Егер студент емтихан тапсыру ережесін бұзса, студенттің емтихан нәтижелері жойылады.

Қорытынды емтихан 15 аптада алған білімнің нәтежиесі ретінде жазбаша түрде жүргізіледі. Төмендегі тақырыптар бойынша тапсырмалар беріледі:

1. Курстың мақсаты мен міндеттері.
2. Этногенездің теориялық мәселелері.
3. Қола дәуірі тайпаларының этногенетикалық мәселелері.
4. Қазақ халқының этногенезіндегі сақ кезеңі.
5. Қазақ халқының этногенезіндегі ғұн кезеңі.
6. Үйсіндердің этногенезі мен этникалық мәселелері.
7. Қазақ этногенезіндегі түркі дәуірі.
8. Қазақтардың этногенезі мен этникалық тарихындағы қарлұқтардың орны.
9. Қазақ этногенезі мен этникалық тарихындағы қимақтардың орны.
10. Қазақ халқының этникалық тарихындағы найман, керей және жалайырлардың орны.
11. Моңғол империясының қазақтардың этникалық процестеріне тигізген әсері.
12. Қазақ халқының қалыптасу процесінің аяқталуы.
13. Антропология деректері бойынша қазақ халқының этногенезі.
14. «Қазақ» этнонимінің шығуы туралы теориялар.
15. Қазақ жүздерінің пайда болуының мәселелері.

Емтихан тапсыру кезінде студенттер қабілетті болуы тиіс:

- этностардың шығу теориясын зерделей отырып, қазақ этногенезінің күрделі процестерімен қоса, этникалық территориясына қатысты ғылыми еңбектермен терең таныстыру;
- қазақ халқының этникалық тарихы біздің тарихымыздың және мәдениетіміздің бір бөлігі болып табылатын бағыттарын талдау;
- ғасырлар бойы қалыптасқан этногенез және этникалық тарихқа байланысты негізгі ірі ғылыми бағыттары мен мектептерінің сипаттамасының жүйесіндегі орны мен маңызды нысандарын ажырату;
- қазақ халқының этникалық тарихына байланысты деректерді сұрыптау және өзіндік тұжырымдама құрастыру рөлін анықтау.

Әдебиеттер тізімі:

1. Абиля Е. Этногенез казахов. Опыт системного подхода. – Кустанай, 1997.
2. Аристов Н.А. Этногенез и этническая история казахского народа. – Астана: Алтын кітап, 2007. – 370 с.
3. Жолдасбаев С. История древнего и средневекового Казахстана. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 530 с.
4. Аманжолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы. 1-кітап (Көне дәуірден біздің заманымыздың XIV ғасырына дейінгі кезең). – Алматы, 2002.
5. Кушкумбаев А. К. Этногенез казахов: историко-генетический аспект / Научный редактор А. К. Кушкумбаев. – Алматы. 2014.
6. Қалыш А.Б. Қазақ халқының этногенезі мен этникалық тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013.
7. Омарбеков Т. Қазақ түркілерінің шығу тегі (IX–XV ғасырлар): Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014.

Интернет-ресурстар (3-5 кем емес)

1. <http://elibrary.kaznu.kz/ru>.
2. Этникалық және этномәдени зерттеулердің библиографиялық базасы [Электрондық ресурс]. - URL: www.jhucsp.org/popwel.stm
3. «Этно-Журнал» этнология мен антропологияға арналған ғылыми басылым // <http://ethnonet.ru/>.
4. <http://www.humanities.edu.ru/>.

**«БВ02211 Этнология және антропология» білім беру
бағдарламасы бойынша
«Қазақ халқының этногенезі және этникалық тарихы» пәнінен
емтихан қабылдау нұсқаулығы**

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең көбі- 100 балл, оның ішінде бірінші сұраққа – 33 балл, екінші сұраққа-33 балл, үшінші сұраққа - 34 балл.

Критерий/ балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
	90–100% (27-30 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)
Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну	"Өте жақсы" деген баға қазақ халқының этногенезі мен этникалық тарихының теориясын, кезеңдерін түсіндіріп, ерекшелігін саралап, аудиторияда өткен сабақты толық меңгеріп, терең ғылыми тұжырым жасап, үш сұрақтың толық жауап жазу.	"Жақсы" деген баға барлық жауап толық, бірақ кейбір мәселелер қамтылмаған. Мысалы, қазақ халқының этногенезі мен этникалық тарихының ерекшеліктері толық көрсетілмеген, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінде қате жіберілген. Жауапта стилистикалық қателіктердің болуы, терминдердің дұрыс қолданылмауы мүмкін.	"Қанағаттанарлық" деген баға билетте ұсынылған сұрақтардың толық емес жариялануын қамтитын жауап үшін қойылады, негізгі ерекшеліктерді, үстіртін дәлелдейді, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді, сұрақтардың мазмұнын ашпайды.	Қойылған сұрақтарға дұрыс жауап жазбай, қате дәлелдеу, дұрыс емес қорытынды жасау.	Негізгі теорияларды қорытынды жүргізу қателіктерін жіберу.
Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану	Этногенез және этникалық тарихқа қатысты сұрақтарды толық орындау, қойылған сұрақтардың мазмұнын ашу, курстың практикалық мәселелерін шешу.	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық міндеттерін толық аша алмау, ғылыми тұжырымдарды дұрыс жеткізе алмау.	Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер беріледі. практикалық Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз. Дәлелдер үстіртін қолданылады.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі қолданылған, сұрақтар жалпылама жазылған, зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбаған, нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктер бар.	Сұрақпен жауап мазмұны сәйкес келмейді. Практикалық тұжырымдар толық жоқ немесе сапалы. Қорытынды бақылау жұмысының қағидаларын білмеу.
Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған	Оқу тапсырмасын толық орындап, қойылған сұраққа жан-жақты, дәлелді жауап беру, курстың практикалық	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен	Тапсырма орындалмады, қойылған жауаптар жеткіліксіз, материалдар құралдары пайдаланылмады.

<p>нәтиженің негіздемесі</p>	<p>мәселелерін шешу. Этногенез және этникалық тарихқа қатысты терминдерді қолдану, ғылыми тұжырымдар жасау.</p>	<p>қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді.</p>	<p>қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктердің болуы.</p>	<p>дәлелдер нашар пайдаланылған.</p>	<p>Қорытынды жүргізу қателігіне бұзу.</p>
-------------------------------------	---	---	--	--------------------------------------	---

